**Шымкент қаласы №136 жалпы орта білім беретін мектебі**

# *Ашық сабақ*

***Тақырыбы: Әлемнің жеті кереметі***
***Пәні: қазақ тілі мен әдебиеті***
***Пән мұғалімі : Мамирова П.А.***
***Сынып: 6 «И»***

***2023 – 2024 оқу жылы***

| | |
|---|---|
| **САБАҚ:** 3-бөлім: (№1)<br>**Әлемнің жеті кереметі**<br>**Күні: 13.10.2022 ж.**<br>**Сынып:** 6 «И» | **Мектеп: №136 жалпы орта білім беретін мектебі**<br>**Әлемдік мәдени мұралар**<br>**Мұғалімнің аты-жөні: Мамирова П.А.**<br>**Қатысқан оқушылар саны: Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Әлемнің жеті кереметі** |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 6.1.5.1.-тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру;<br>6.4.1.1.- тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Сабақтың мақсаттары** | • мәтін мазмұнын түсінеді;<br>• мәтіндегі детальді ақпаратты анықтайды;<br>• мәтіндегі бірге жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады |
| **Бағалау критерийлері** | • берілген мәтіннің мазмұнына сай детальді ақпаратты анықтау;<br>• берілген тапсырмадағы бірге жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу |
| **Тілдік мақсаттар** | ***Пән лексикасы және терминология:***<br>*Мәдени мұралар, Грекия тарихшылары, жеті керемет, Мысыр пирамидасы,, Бабылдың аспалы бағы, Александрия шамшырағы, Артемида ғибадатханасы, Зевс мүсіні, Родос алаңы т.б.*<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.** *Суреттегі сәулет ескерткіштері туралы не білесіңдер?*<br>**2.** *Ерте замандарда ұлы адамдар не мақсатпен айбынды ғимараттар мен мүсіндер жасатты?*<br>**3.** *Бұл кереметтердің көпшілігі неге байланысты туындады?* |
| **Құндылықтар** | Әлемнің жеті кереметі туралы мәлімет алу, оның адамзат үшін маңыздылығын түсіну, тарихи құндылығын ұғыну |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ әдебиеті, тарих |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Ынтымақты отбасы туралы біледі |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер (төменде келтірілген жазбаларды жоспарланған әрекеттермен алмастырыңыз)** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**5 минут** | **Сәлемдесу, сабақта жағымды ахуал қалыптастыру. Оқушылар бір-бірлеріне өз есімдерінің бас әріптерінен басталатын тілектер айтады. Бір- біріне сәттілік тілейді.**<br>**«Қайталау- оқу анасы» демекші өткен сабақты пысықтау.**<br><br>**«Отбасылық құндылықтар дегеніміз не?**<br>**Бала өміріндегі отбасының алатын орны қандай?**<br>**Отбасының берекесі не?**<br>**Сүйіспеншілік пен сыйластық бірлікке әкеле ме?**<br>**Қара шаңырақ иесі кім?**<br>**Балаға кім сыншы?**<br>**Әкеден балаға берілетін зат?**<br><br>**Отан, отбасы , отбасы мүшелері жайлы бірнеше мақал- мәтелдер айт**<br>**«Болжау» әдісі арқылы жаңа сабақты байланыстыру.**<br>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, пікір білдіру. | Суреттер<br><br>1 балдан<br><br>Сұрақ жазылған қағаздар |

<table>
<tr>
<td>2 минут</td>
<td>ықпалын көзге көрінерліктей етіп дәлелдеу мақсатында айбынды ғимараттар мен мүсіндер жасатты.<br>
3. . Бұл кереметтердің көпшілігі діни наным-сенімдерден туындады, барлық жеті керемет те саяхатшыларды өте қызықтырд<br>
ҚБ – түрлі-түсті стикерлер<br><br>
2-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі ақпаратты пайдаланып, деректерді сәйкестендіреді.<br>
<table>
<tr><th>№</th><th>Бағалау критерийлері</th><th>Дескрипторлар</th></tr>
<tr><td>1<br>2</td><td>Ақпаратты дұрыс сәйкестендіреді;<br>Ақпараттың орналасқан жерін табады.</td><td>Ақпаратты дұрыс жауаппен сәйкестендіре алады;<br>Мәліметті дұрыс жаза алады.</td></tr>
</table>
</td>
<td>1 балдан<br><br>2 балл</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>15 минут</td>
<td>3- тапсырма. Мәтінді мұқият оқы. «Ақиқат және жалған» әдісі бойынша мәтіннен детальді ақпараттарды табыңыздар.<br>
Дескриптор:
<ul>
<li>мәтінді түсініп оқиды;</li>
<li>мәтіндегі детальді ақпараттарды табады;</li>
<li>ақпараттардың ақиқат/жалған екенін анықтайды</li>
</ul>
Көне заманда адамның шебер қолдарымен көптеген керемет туындылар салынған. Ерте замандарда ұлы адамдар өздерінің шексіз биліктерін және мықты ықпалын көзге көрінерліктей етіп дәлелдеу мақсатында айбынды ғимараттар мен мүсіндер жасатты. Бұл кереметтерді жасаушы шеберлердің өнеріне таңғалмау мүмкін емес еді, олар жергілікті тұрғындардың мақтаныш сезімдерін тудырды. Бұл кереметтердің көпшілігі діни наным-сенімдерден туындады, барлық жеті керемет те саяхатшыларды өте қызықтырды. Грекияның тарихшылары әлемнің жеті кереметі деп Александр Македонский билік құрған аймақтарға жақын орналасқан құрылыстарды атады.<br>
Олар:
<ul>
<li>Мысыр пирамидалары (Египет пирамидасы)<br>ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары, біздің заманымыздан бұрын 28 ғасырда салынған.</li>
<li>Бабылдың аспалы бағы (Семирамида), біздің заманымыздан бұрын 6 ғасырда Вавилония әмірі кіші әйеліне арнап жасаткан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы текпішекті сәкі-алаңшалар үстіне салынған.</li>
<li>Эфестегі Артемида ғимараты, кезінде әлемдегі ең үлкен ғибадатхана болған. Біздің заманымыздан бұрын 4 ғасырда соғыс алапатынан қираған.</li>
<li>Олимпиадағы Зевстің мүсіні, біздің заманымыздан бұрын 5 ғасырда көне грек мүсіншісі Фидий алтын мен піл сүйегінен жасаған.</li>
<li>Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы, біздің заманымыздан бұрын 4 ғасырда салынған.</li>
<li>Жерорта теңізінің Родос аралындағы күн құдайы Родос алабы, биіктігі 45 м. біздің заманымыздан бұрын 285 жылы жасалған, біздің заманымыздан бұрын 224 жылы жер сілкінісі кезінде қираған.</li>
<li>Александрия шамшырағы біздің заманымыздан бұрын 3 ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі 160 м.</li>
</ul>
<table>
<tr><th>Ақпараттар</th><th>«Ақиқат»</th><th>«Жалған»</th></tr>
</table>
</td>
<td>Мәтін<br>АКТ<br><br>Оқулық , дәптер<br><br><br>Кесте</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **10 минут** | **4-тапсырма. «Ортадағы қаламсап» әдісі.**<br>**Әлемнің жеті кереметінің біріне саяхат жасаңыз, шағын мәтін жазыңыз. Мәтінде бірге , тіркесіп, қосарланып жазылатын сөздерді емле заңдылығына сай жазып, астын сызыңыз.**<br>***Дескриптор:***<br>• ***әлемнің жеті кереметінің бірін таңдайды;***<br>• ***шағын мәтін жазады;***<br>• ***мәтіндегі бірге жазылатын сөздердің астын сызады;***<br>• ***емле заңдылығын сақтайды***<br>**Жауап үлгісі:**<br>Мен жазғы демалыста ата -анаммен Египетке бардым. Египет тарихи ескерткіштерге бай жер екен. Бізді жол көрсетуші ағай атақты Египет пирамидаларына апарды.<br>Ол туралы біраз ақпарат білетін едім. Пирамиданың өзін көргенде басқаша әсер алады екенсің. **Таңжарық** екеуміз көп араладық. **Нұргелді** атама деп сыйлықтар алды. Хеопс пирамидасы **Гүлбақытты** қатты таңғалдырды. Оның биіктігі – 147 метр, қырының ұзындығы – 235 метр. Бұндай сәулет өнерін басқа жерден таба алмайсыз.<br><br>**Сабақты бекіту:**<br>**5-тапсырма. Сұрақ ілмегі» әдісі. Сұрақтар:**<br>1.Бүгінгі сабақта қандай мәдени мұралармен таныстыңдар?<br>2.Ежелгі сәулет өнері таңғалдырды ма?<br>3.Мәтіннен детальды ақпараттарды таба аласың ба?<br><br>***Дескриптор:***<br>• ***сұрақтарға жауап береді;***<br>• ***мәтіндегі ақпараттарды ажырата алады***<br>**Жауап үлгісі**<br>1. Бүгінгі сабақта әлемдегі елді таңғалдырып жүрген мәдени мұралармен таныстық. Олар: Бабылдың аспалы бағы, Мысыр пирамидалары, Артемида ғимараты, Зевстың мүсіні, Мавсол патша табытханасы, Александрия шамшырағы, Родос алабы<br>2. Ежелгі сәулет өнері ерекше туындылар. Олардың жасалу технологиясы да керемет<br>3. Детальды ақпаратты көп айтуға болады.<br>Мысалы: Александрия шамшырағының биіктігі – 160м, ал күн құдайы Родосқа арналған алабтың биіктігі – 45 метр7 Артемида – әлемдегі ең үлкен ғибадатхана. | 2 балл<br><br>Слайд, дәптер, суреттер<br><br>«Сұрақ ілмегі»<br> |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 минут**<br><br>Кері байланыс | **Әлемнің жеті кереметінің үлгісін жасасаң , сен оны еліміздің қай мекеніне орналастырар едің?**<br>**«Рефлекциялық эссе» әдісі арқылы ойыңды жеткіз.**<br>**Топтық , жеке бағалау.**<br>**Оқушылар кері байланысты стикерлерге жазып, «Білім ағашына » іледі.**<br><br>**Үйге тапсырма: «Қазақстанның жеті кереметі» мен «Әлемнің жеті кереметін» байланыстыра отырып, шағын мәтін құрастырып жазу.** | «Білім ағашы» стикерлер |

| **ҚОСЫМША АҚПАРАТ** | | |
|---|---|---|
| **Саралау - сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?** | **Бағалау – сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
| | Білім алушылар дағдыларының | Ширату |

| | | |
|---|---|---|
| Білім алушылармен жылы сөйлесе отырып, түсінбеген сұрақтарына бағыт-бағдар беріледі. Олардың сенімділігі шыңдалады. Әртүрлі қабілеттілігі ескеріле, «Әлемнің жеті кереметі» - сэнквейн жазу, «Қазақстанның жеті кереметі» туралы хабарлама жазу, қабілетті білім алушыларға күрделі әлемнің және Қазақстанның жеті кереметтерін салыстыра сипаттама жазу тапсырма беріледі. | қалыптасуымен білімді меңгеру деңгейін көрсету, оқудағы қиындықтарды анықтап, оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін олар үнемі сабақ барысында түрлі-түсті стикерлербағаланаы.Білім алушылар өз жұмыстарына өзі баға берумен қатар, сыныптастарын бағалау арқылы өзінің оқуын жетілдіреді.<br>Жеміс ағашы суреті кері байланысқа пайдаланылады. | жаттығуларын жасау,өмір қауіпсіз дігін қадағалау.<br>Пәнаралық байланыс – «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География» , Математика пәндері, АКТ.Білім алушыларды мәдени мұраларға құрмет көрсету, оларды қорғау, жанашырлық таныту, азаматтық жауапкершілік қасиеттеріне баулу, тәрбиелеу. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br><br>Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br><br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br><br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болдыма?<br><br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердімбе?<br><br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Сабақ тақырыбына сай оқу мақсаты, одан туындайтын сабақ мақсаттары жоспарланады. Тілдік мақсаттар білім алушылардың сөздік қорын толықтыруға, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Сабақты жоспарлау кезінде білім алушылардың ойлау деңгейлері, қызығушылықтары, ақпаратты қабылдау деңгейлері үнемі назарда болады.Сабақтың тиімді өтілуі үшін түрлі әдіс-тәсілдер жоспарланады. Белсенді оқу мен бірлескен оқу жүйелі жүргізіледі. Саралау тапсырмалары талапқа сай жасақталады. Нәтижесінде, білім алушылар сыни тұрғыда ойлай алады, олардың жұппен, топпен жұмыс жасауы ынтымақтастық ахуалының орнығуна, өзара көмектің жүзеге асуына, бірін-бірі әділ, нақты бағалауына ықпал етеді. | |
| **Қорытынды бағамдау.**<br>**Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?**<br>1.<br>2.<br>**Сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?**<br>1.<br>2.<br>**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері (қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?)**<br>1. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру жұмысын тиімді жүргізу. | | |

**Тексерілді:** әдіскер М.Ж.Есмурзаева